

Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2021 жылғы 9 наурыздағы № 4 "Бұқар жырау ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету және мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 қыркүйектегі № 8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 қазанда № 29996 болып тіркелді

Бұқар жырау аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бұқар жырау аудандық мәслихатының "Бұқар жырау ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету және мөлшерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 9 наурыздағы №4 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №6258 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Бұқар жырау ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсету және мөлшерін белгілеу қағидаларында:

7 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"7. Бұқар жырау ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына коммуналдық қызметтерді төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау бюджет қаражаты есебінен 5 (бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленсін."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихаттың хатшысы

А. Әли